

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ оқу-әдістемелік кешені**

Бағыты: Құқықтану

Шифр: 5В030100

Пән: Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы (ерекше бөлім)

**ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**ЗАҢ ФАКУЛЬТЕТІ**

**ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ, ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ ЖӘНЕ  
КРИМИНАЛИСТИКА КАФЕДРАСЫ**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ  
ҚҰҚЫҒЫ (ЕРЕКШЕ БӨЛІМ) пәні**  
бойынша студенттердің өзіндік жұмыстарын жүргізуге  
арналған  
**ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛАР**  
(заң факультетінің 5В030100-құқықтану мамандығы студенттері үшін).

**АЛМАТЫ 2015 ж.**

Әдістемелік нұсқаулықтарқылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика кафедрасының аға оқытушы Баяндина М.О.дайындалған.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті заң факультетінің Ғылыми кеңесімен ұсынылған және бекітілген.

\_\_\_\_\_Д.Л. Байдельдинов

Хаттама «\_\_\_\_\_»\_\_\_\_\_ 2015 ж.

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті заң факультетінің 5В030100-құқықтану мамандығы студенттері үшін қылмыстық құқықтық пәндер бойынша студенттердің өзіндік жұмыстарын жүргізуге арналған әдістемелік нұсқаулар.**

## **Студенттердің өзіндік жұмысы**

### **Жұмыс түрлері. Олардың жалпы сипаттамасы. Жазуға қойылатын талаптар**

#### **1. Өзіндік жұмысты жазудың мақсаттары**

Өзіндік жұмыс – оқытушының тапсырмасы бойынша және әдістемелік жетекшілігімен студенттердің танымдық қабілеттерін дамыту және өзіндік үздіксіз білім көтеруге бағытталған студенттердің жоспарланған жұмысы.

Оқу және ғылыми материалдың күрт өсуіне байланысты, пәнді оқуға арналған аудиториялық сағаттардың жетіспеушілігі барысында оқу үдерісі шеңберінде СӨЖ маңызды рөл атқарады. Жоғары оқу орнының кез келген бітірушісі студенттердің өзіндік жұмысы барысында қалыптасатын іргелі білімге, кәсіби қызметтің дағды, машықтарына, шығармашылық және зерттеу қызметінің тәжірибесіне, әлеуметтік және коммуникативті хұзыреттерге ие болуы қажет.

СӨЖ-дің дидактикалық міндеттері: аудиториялық сабақ барысында алған білімді бекіту, тереңдету, ұлғайту, жүйелеу; жаңа оқу матеиалын дербес түрде меңгеру; кәсіби машықты сондай-ақ дербес ойлау қызметінің дағдысын дамыту; дербес ойлау қабілетін, заңи әдебиетке, тәжірибелік заңи қызметке, құқық шығармашылық үдерісіне қызығушылықты жетілдіру.

СӨЖ-дің негізгі нысандары: үй жұмысы; жекелеген тақырыптар бойынша рефераттар дайындау; ғылыми студенттік үйірмелердің және ғылыми конференциялардың жұмысына қатысуды білдіретін, студенттердің оқу-зерттеу және ғылыми-зерттеу жұмыстары (студенттердің оқу-зерттеу жұмыстары- СОЗЖжәне студенттердің және ғылыми-зерттеу жұмыстары- СҒЗЖ); аудиториядан тыс уақытта іскерлік ойындар ұйымдастыру және өткізу.

**Үй жұмысы** тәжірибелік және семинар сабақтарына өз бетінше дайындалудан, оқу үдерісінің бір бөлігі болып табылатын кез келген дербес оқу қызметі түрінде көрінеді.Негізгі қызметі – өз бетінше оқу машығын дамыту, жұмыстың әдістері мен кұралдарын анықтау, оқуды жоспарлау болып табылады. Үй жұмысы аудиториялық сабақтарда алынған білім мен машықтарды бекітуге, дағдыны қалыптастыруға, жана материалды меңгеруге барынша көмектеседі.

Өзіндік жұмыстарды табысты орындауды қамтамасыз ететін дидактикалық шарттар: тапсырмаларды орындауға қатысты міндеттер мен ұсыныстардың нақты берілуі; оқу тапсырмасының негізделуі (не үшін, неге көмектеседі); үй тапсырмаларының тиімді көлемі; оқытушы арқылы есептің нысаны, тапсыру мерзімдері; кеңес беру түрлерін анықтау; бағалау критерилері оценки, бакылаудың түрлері және нысандары.

Студенттердің өзіндік оқу жұмыстарының мазмұнын кұрайды: оқытушымен ұсынылған әдебиеттерді оқу және конспектiлеу; курстың нақты тараулары, бөлімдері бойынша тәжірибелік сабақтарда талқылаумен

ұштастыра отырып есептер шешу; семинарда немесе ғылыми студенттік үйірменің отырысында талқылай отырып, сот істеріне шолу жасау; оқытушының тапсырмасы бойынша сот мәжілістеріне қатысу, әртүрлі ұйымдардың заң бөлімдеріне, нотариалдық кеңселердің жұмыстарымен танысу; үй тапсырмасы түрінде заң жобаларына пікірлер дайындау; тәжірибелік сабақтармен ұштастыра отырып, зерттелінетін тақырып аясында құқықтық құжаттардың жобасын дайындау.

Рефераттарды дайындау – СӨЖ ұйымдастыру және бақылаудың бір нысаны. Реферат (лат. *referre* – баяндау, хабарлау) – бұл ұтымды бағалау арқылы қайнар көздің мазмұнын қысқаша баяндау немесе бірнеше қайнар көздерді салыстыру және талдау негізінде қандай да болмасын проблеманың жай-күйін ашу. Оқу үдерісіндегі мазмұны және қызметіне байланысты рефераттар ғылыми-проблемалық және шолу-ақпараттық болып бөлінеді.

Рефератты жазу мақсаты – студенттерде әдеби және нормативтік қайнар көздермен дербес жұмыс істеу машығы жазу мақсаты – студенттерде әдеби және нормативтік қайнар көздермен, жарияланған сот-тергеу тәжірибесімен дербес жұмыс істеу машығын жетілдіру. Студенттер оларды талдау және жалпылау негізінде өзіндік негіздеу арқылы теориялық және тәжірибелік сипаттағы қорытындылар жасай алады. Рефераттардың тақырыптары, ұсынылатын әдебиеттер тізімі оқытушы арқылы анықталады. Қандай да болмасын кітаптың немесе мақаланың мазмұнын қысқаша баяндаумен байланысты рефераттар сәйкес тақырып бойынша дипломдық жұмысты дайындаудың алғашқы кезеңі болап қарастырылуы мүмкін. Реферат көлемі машиналық мәтіннің 15-20 беттік түрі ретінде бола алады. Рефераттың әдеттегі құрылымы: жоспар; тақырыптың негізделуі және міндеттері көрсетілген кіріспе; бірнеше параграфтан тұратын негізгі бөлім; тақырып бойынша жасалған түйіндер қарастырылған қорытынды; библиографиялық тізім.

## **2. Жұмысқа қойылатын жалпы талаптар**

Студенттер өзіндік жұмыстың тақырыбын таңдауда келесідей ережелер ескерілуі тиіс:

-жұмыс нақты студенттің қабілетіне, мүддесіне, еркіне жауап беруі тиіс,  
-жұмыс юриспруденция мамндығына пайдалы болуы керек (нақтырақ айтқанда тақырып ғылымның қазіргі жағдайын ескере отырып, мақала ретінде шығару үшін жарауы тиіс). Айтылғандар ғылымның алдыға қарай жылжуына байланысты студенттердің талаптарына жауап бере алатындай қайталанбауы қажет. Одан кейінгі тағы бір мүмкіндік көшіруге жол бермеу мақсатында өзіндік жұмыстардың нақты тақырыптары берлімейді.

## **3. Өзіндік жұмыстардың негізгі бағыттары**

### **3.1. Рефераттар (баяндамалар)**

Негізгі оқу курсы бойынша сындарлы шолу (салыстырмалы талдау) жасалынатын және уақыттың тарлығына байланысты негізгі бағдарламамен қамтылмай қалған криминология проблемаларына байланысты тақырыптар беріледі. Нақтырақ айтқанда, негізгі курсқа байланысты оларды үш топқа бөлуге болады: а) негізгі курста қысқаша қамтылған тақырыпты тереңірек ашу мақсатында; б) міндетті курста мүлдем қамтылмаған тақырыптар; в) студенттердің өзіндік жұмысына қатысты емес міндетті курста қарастырылатын тақырыптар.

### **3.2. Өзіндік жұмысты рәсімдеуге қойылатын талаптар**

Жұмыс компьютерде терілуі қажет. Мәтінде курсы, пәні, автордың ТЕӨ, жұмыстың атауы көрсетілуі тиіс. Егер жұмыс аударма болса сол материалдың библиографиялық нақты мәліметтері берілуі қажет. Сонымен қатар аудармаға кәсіби терминдердің сөздігі қоса берілуі тиіс. егер де жұмыс аударма болмаса оның мазмұны беріледі. Жұмыстың соңғы бетінде міндетті түрде падаланылған әдебиеттердің нөмірленген тізімі міндетті түрде көрсетіледі. Мәтінде осы тізімдегі жұмыстың нөмірлері міндетті түрде тікелей жақшамен тиісті жерлері көрсетіліп тұруы тиіс.

### **3.3. Өзіндік жұмыстарға дайындық және оны жазу**

Тақырыпты таңдау. Жоғарыда айтылған бағыттар бойынша тақырыпты алдын ала таңдауды студенттің өзі жүзеге асырады. Тақырыпты нақтылау, оқытушымен кеңесу арқылы жүргізіледі және жоспар жасалып, пайдаланылатын әдебиеттер тізімі нақтылана түседі. Туындаған кез келген сұрақтарға байланысты студент оқытушыдан жауап ала алады. Қажетті жағдайларда консультациялар тағайындалады. Сессияға екі апта қалғанға дейін жұмыс оқытушыға тапсырылады. Өзіндік жұмысты қорғауға сессия кезінде рұқсат беріледі.

### **3.4. Өзіндік жұмысты бағалау критерилері**

Оқытушы әр студенттен жұмысты қабылдауда ауызша сұрақтар қояды. Студент жұмыстың мәтініне байланысты оқытушының қойған сауалына жауап беруі тиіс. Жауап беру барысында мәтіндегі бейнеленген материалды игергендігін (өзі жазғандығын, аударғандығын, көшіріп алғандығын) көрсетуі қажет. Жұмысты бағалауда мәтіннің жазбаша нұсқасын және студенттің өзіндік жұмысты жазудағы жаңашылдығын және түпнұсқалығын, берілген қорытындылар және нұсқаулардың негізділігін ескеруі тиіс.

## **СӨЖ тақырыптарының атауы мен мазмұны:**

**1 СӨЖ. Тергеу әрекеттерінің түрлері және оларды жүргізу ерекшеліктері. Тұлғалық-бағдарлық. Блиц сұрақтарға жауап беру**

тақырыптары:

Жауап алу және беттестіру

Қарап-тексеру, куәландыру

Эксперттің

Тану

Жасырын тергеу әрекеттері

Тінту және алу

Айғақтарды сол жерде тексеру және нақтылау. Тергеуэксперименті

Нәрселер мен құжаттарды беру

Үлгілерді алу

Сот сараптамасы

**2 СӨЖ.Сот талқылауын ойын түрінде жүргізу. Тұлғалық-бағдарлық.**

Сот процессін жүргізу. Топ өзіне қылмыстық іс бойынша әр түрлі қатысушыларды өз ара бөліп, атқаратын рольдерін дұрыс білу қажет. Топтың әр студенті міндетті түрде қатысу керек.

**3 СӨЖ.Апелляциялық, кассациялық наразылық пен шағымның жобаларын жазбаша жасау. Тұлғалық-бағдарлық**

Дайындық үшін және сөз сайысы түрінде талдау үшін сұрақтар:

Таңдау бойынша апелляциялық немесе кассациялық шағым немесе наразылық дайындау керек.

**4 СӨЖ. Қылмыстық теріс қылықтар туралы істер бойынша іс жүргізу ерекшеліктері. Тұлғалық-бағдарлық**

Дайындық үшін сұрақтар:

1. Қылмыстық теріс қылықтар туралы істер бойынша іс жүргізу тәртібі

2. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің хаттамалық нысаны

3. Хаттама жасау тәртібі

4. Хаттаманы сотқа жіберу тәртібі

5. Қылмыстық теріс қылықтар туралы істі сотта қараудың тәртібі мен мерзімдері

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Когамов М. Ч. Краткий научно-практический комментарий к главам нового уголовно-процессуального кодекса республики казахстан. – алматы, 2014.

2. Ершев Е.Е. Қылмыстық іс жүргізу құқығы. Алматы, 2010

**5 СӨЖ.Қылмыстық сот ісін жүргізу саласындағы халықаралық ынтымақтастық.Тұлғалық-бағдарлық**

Сұрақтар:

Құқықтық көмек көрсету тәртібімен жүргізілетін процестік және өзге де әрекеттер

1. Өзара түсіністік қағидатымен құқықтық немесе өзге де көмек көрсету

2. Орталық органдар

3. Құқықтық көмек көрсету туралы сұрау салу

4. Заттай дәлелдемелерді сақтау және беру

5. Ресми құжаттардың жарамдылығы
6. Шет мемлекеттің аумағында алынған дәлелдемелердің жол берілетіндігі
7. Құқықтық көмек көрсетуге байланысты шығыстар

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Когамов М. Ч. Краткий научно-практический комментарий к главам нового уголовно-процессуального кодекса Республики Казахстан. – Алматы, 2014.

**6 СӨЖ. Істер бойынша алқабилердің қатысуымен іс жүргізу. Тұлғалық-бағдарлық**  
Рефераттардың тақырыптары:

1. **Сот талқылауына қатысу үшін алқабиге кандидаттарды іріктеу**
1. **Алқабилер қатысатын соттың істі талқылау ерекшеліктері**
2. **Алқабилердің қатысуымен қаралған істер бойынша заңды күшіне енбеген үкімдерді, қаулыларды қайта қарау жөніндегі іс жүргізу ерекшеліктері**

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Шаламов М. Судебное устройство Казахстана. Москва, 2012 г.
2. Халиков К.Х. Проблемы судебной власти в РК. Алматы, 1998 г. С. 3-4.
3. Сулейменова Г.Ж. Суд и судебная власть в РК. – Алматы, 1994. – 236 бет.
4. Мами К.А. Становление и развитие судебной власти в РК. – Астана: Елорда, 2001